

Жүздеген лесбиян EL*С 2019 Украинада кездеседі

Осы демалыста болатын Киев прайды қарсаңында, **EL*С (European Lesbian* Conference - Еуропалық лесбиян конференциясы)** келесі конференция Украина астанасында 2019 жыл сәуірдің 12 мен 14 арасында болатынын қуанышпен хабарлайды.

EL*С деген не?

Бірінші Еуропалық лесбиян конференциясы 2017 жылы қазан айында Вена (Австрия) қаласында болған. Бес жүз лесбиян саясаткер, суретші, тілші, ғалым Еуропа және Орталық Азияның түпкір-түпкірінен өте [табысты, тарихи және БАҚ құралымен барынша таратылған шарада](#) кездескен еді. «Бұл бірінші конференцияда Еуропа және Орталық Азия лесбияндарына қатысты жағдайларға үлкен көңіл бөлу қажет екені түсінікті болды, - дейді Сильвия Казалино, EL*С ұйымдастырушы төрайымы. Біз Еуропа мен Орталық Азия лесбияндарының тілегін естідік: барлығы өзара байланыс орнатқысы және екінші конференция керек деді».

Бірінші EL*С, **Еуропа парламентінде 26 сәуірде Лесбиян көріну күнін атап өту** сияқты, Еуропа мен Орталық Азияда лесбияндарға қатысты бірқатар оң қадамдарды бастады.

Екінші EL*С неге Украинада болады?

Еуропалық көптеген елдерде соңғы бірнеше айда болған сайлауларда ЛГБТ кісілерге, әсіресе әйелдерге қауіпті адамдар мен қозғалыстардың билік басына шыққаны **лесбияндарға қарсы аса дұшпан пиғыл** қалыптастырады. Осы үрдіске қарсы тұрып, Еуропаның басқа бетін көрсету үшін, Еуропа Одағындағы 2019 жылғы сайлаудан бір ай бұрын, Еуропалық лесбиян* конференциясы Украинаның Киев қаласында өтеді. *«Украина - бұл конференция өткізуге геосаяси жағдайға қатысты ең қолайлы орын, - деп түсіндіреді украиналық EL*С ұйымдастырушы Украины Олена Шевченко. Осылай Батыс пен Шығысты пікір алмасуға біріктіре аламыз».*

«Украинада лесбияндар көрінбейді, әрі стигма, сексуалдық, тұрмыстық және репродукті зорлық пен кемсітуге ұшырайтын барынша осал қоғамдастық, деп қосады Олена Шевченко. «Лесбиян» сөзі қарғысқа ұшыраған жаман сөз болып естілетін болғандықтан лесбияндар өздерін «гей» деп атайды, бұл одан сайын лесбиян қоғамдастығын көзден тасалап, лесбияндардың қажеттілігін анықтауға кедергі келтіреді. Осы жағдайда Украинада лесбиян қажеттіліктері көзге көріну, құлаққа естілу және қоғамдастықтың бекуі тұрғысынан алғанда, Еуропалық лесбиян конференциясы алға жасаған бір үлкен қадам болмақ.»

Еуропалық лесбиян* конференциясы туралы қосымша ақпарат

Веб-сайт: Europeanlesbianconference.org

Twitter: [@eurolesbiancon](https://twitter.com/eurolesbiancon)

Facebook: [European Lesbian Conference](https://www.facebook.com/EuropeanLesbianConference)

БАҚ бетінде EL*С туралы шыққан ондаған жарияланымдарға сілтемелер:

[https://europeanlesbianconference.org/wp-content/uploads/2018/02/ELC-2017 Narrative Report-1.pdf](https://europeanlesbianconference.org/wp-content/uploads/2018/02/ELC-2017-Narrative-Report-1.pdf)

Ұйымдастыру комитеті:

Михаэла Деспан, Алиса Коффин, Анастасия Данилова, Аврора Баба, Бильяна Гинова (хатшы), Детти Гулд, Драгана Тодорович, Фаика Эль-Нагаши, Гүлзада Сержан, Генри Деннис, Илария Тодде, Жоэль Самби Нзеба, Карима Захи, Ксения Кириченко, Лейла Ломан, Луиза Лукш (Казначей), Микаэла Тулипан, Мохира Суйярлулова, Олена Шевченко, Ронда Д'вин, Сильвия Казалино (төрайым), Кика Фумеро, Марта Фернандес Херраиз